

**"Орман орналастыруды жүргізу нұсқаулығын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2012 жылғы 9 қарашадағы № 17-02/566 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2020 жылғы 28 қаңтардағы № 24 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 3 ақпанда № 19968 болып тіркелді

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Орман орналастыруды жүргізу нұсқаулығын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2012 жылғы 9 қарашадағы № 17-02/566 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8181 болып тіркелген, "Егемен Қазақстан" газетінің 2015 жылғы 10 желтоқсандағы № 237 (28715) санында жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Орман орналастыруды жүргізу нұсқаулығында:

Орман орналастыруды жүргізу нұсқаулығына 2-қосымша осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Нұсқаулыққа 7-қосымшада:

11, 13 және 15-кестелер осы бұйрыққа 2, 3 және 4-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Нұсқаулыққа 26-қосымшада:

24-кесте осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің ресми интернет-ресурсында орналастырылуын;

3) Осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің Заң қызметі департаментіне осы бұйрықтың 2-тармағы 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Экология, геология және табиғи ресурстар  
министрі

М. Мирзагалиев

Қазақстан Республикасы  
Экология, геология және  
табиғи ресурстар министрінің  
2020 жылғы 28 қаңтарындағы  
№ 24 бұйрығына  
1-қосымша  
Орман орналастыруды жүргізу  
нұсқаулығына 2-қосымша  
Нысан

### Көрсетілген қызмет актісі

№ \_\_ " \_\_ " \_\_\_\_\_ 20 \_\_\_\_ жылғы Құжаттың нөмірі\* қол қою күні\* (тапсырыс беруші актіні қабылдаған күнін және уақытын тіркейді) Осы акті төменде қол қойылған Өнім берушінің атынан \_\_\_\_\_, (Өнім беруші) берілгені, ал (өнім берушінің атауы\*) 20 \_\_\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_ шартқа (және қосымша келісімге) (шарттың (және қосымша келісімнің) атауы, күні және нөмірі\*) сәйкес тапсырыс берушінің өкілі атынан \_\_\_\_\_ (Тапсырыс беруші) (Тапсырыс берушінің атауы\*)

қабылдағаны жөнінде жасалды:

Көрсетілген қызмет туралы мәлімет**						
№	Қызмет көрсету орны	Қызметтің атауы	Өлшем бірлігі	Саны	Әр бірлік үшін баға (теңге), оның ішінде ҚҚС/ҚҚС есепке алмағанда	Сома, теңге
	1	2	4	5	6	7

Шартқа сәйкес осы акт бойынша көрсетілген қызметтердің құны \_\_\_\_\_ (цифрмен, әріппен жазылады) теңгені құрайды, оның ішінде ҚҚС/ҚҚС есепке алмағанда \*\*

Өнім берушінің атауы*	ЖСН/БСН*	ЖСК/БСК*	Банк**	З а н д ы мекенжайы**	Өнім берушінің өкілдері **		Бекітемін **	
					Т.А.Ә., лауазымы,	қолы	Т.А.Ә., лауазымы,	қолы
1	2	3	4	5	6	7	8	9

Шарт бойынша ақпарат

Жалпы мәлімет	
	Жұмысты орындау мерзімін өткізіп не міндеттемелерін

1	Шарттың жалпы құны *	Аванстық төлемдер сомасы **	Шарттың қолданылуынан бастап төлем сомасы***	Бұрын актіленгендердің сомасы***	тиісінше орындамаған ( ішін ара орындамаған) үшін тұрақсыздық айыбының ( айыппұл, өсімпұл) сомасы***	6	Мерзімі өткен күндердің саны***
	1	2	3	4	5		
2	Шығыстардың бірыңғай бюджеттік сыныптамасының коды: Бағдарлама/Кіші бағдарлама/Ерекшелік***						
3	Осы акті бойынша іс жүзінде көрсетілген қызметтер (болған кезде техникалық ерекшелігіне, тапсырмасына, қызметтерді орындау кестесіне сәйкес олардың кіші түрлері бөлінісінде қызметтердің атауы)***						
	Атауы*	Қызмет көрсету күні/кезені	Өлшем бірлігі*	Саны*	Әр бірлік үшін баға, теңге*	Сома, теңге *	Ғылыми зерттеулер, маркетингтік, консультациялық және өзге де қызметтер туралы есеп (күні, нөмірі, парақтар саны) (болған жағдайда)* ***
	1	2	3	4	5	6	7
1							
4	Өнім берушіге аударуға талап етілетін сома***						

Қосымшасы: құжаттардың электрондық көшірмелерінің тізбесі (болған жағдайда өнім беруші/тапсырыс беруші тіркеп отырады)

Тапсырыс берішінің атауы*	ЖСН / БСН *	ЖСК / БСК*	Банк *	Заңды мекенжайы ***	Тапсырыс берішінің өкілдері***				Бекітемін** * (ұйымның басшысы)	
					Тауарлар қабылдау үшін жауапты		Ресімдеудің дұрыстығына жауапты (деректемелер мен ерекшеліктердің сәйкес келуі)			
					Т.А.Ә.	қолы	Т.А.Ә.	қолы	Т.А.Ә.	қолы
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11

Ескертпе:

\*автоматты түрде мемлекеттік сатып алу веб-порталымен толтырылады;

\*\* орындаушы толтырады;

\*\*\* тапсырыс беруші толтырады;

\*\*\*\*ғылыми зерттеулер, маркетингтік, консультациялық және өзге де қызметтер туралы есеп болған жағдайда толтырылады;

Аббревиатураларды таратып жазу:

БСН – бизнес-сәйкестендіру нөмірі;  
БСК – банктік сәйкестендіру коды;  
ЖСК – жеке сәйкестендіру коды;  
ЖСН – жеке сәйкестендіру нөмірі;  
ҚҚС – қосылған құн салығы;  
Т.А.Ә. – тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда).

Қазақстан Республикасы  
Экология, геология және  
табиғи ресурстар министрінің  
2020 жылғы 28 қаңтарындағы  
№ 24 бұйрығына  
2-қосымша  
Орман орналастыруды жүргізу  
нұсқаулығына 7-қосымшаға  
11-кесте

## **Басты пайдалану кесулерінің тәсілдері**

Ақпарат қолданыстағы Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 маусымдағы № 18-02/596 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11894 болып тіркелген) бекітілген Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде ағаш кесу қағидаларына сәйкес кесте түрінде келтіріледі.

Қазақстан Республикасы  
Экология, геология және  
табиғи ресурстар министрінің  
2020 жылғы 28 қаңтарындағы  
№ 24 бұйрығына  
3-қосымша  
Орман орналастыруды жүргізу  
нұсқаулығына 7-қосымшаға  
13-кесте

## **Облыстағы негізгі орман құраушы тұқымдылар үшін табиғи жаңаруын бағалау шкаласы**

Ақпарат қолданыстағы Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 маусымдағы № 18-02/596 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11894 болып тіркелген) бекітілген Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде ағаш кесу қағидаларына сәйкес кесте түрінде келтіріледі.

Республикасы  
Экология, геология және  
табиғи ресурстар министрінің

2020 жылғы 28 қаңтарындағы  
 № 24 бұйрығына  
 4-қосымша  
 Орман орналастыруды жүргізу  
 нұсқаулығына 7-қосымшаға  
 15-кесте

## Күтіп-баптау кесулерінің көрсеткіштері

Ақпарат қолданыстағы Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 маусымдағы № 18-02/596 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11894 болып тіркелген) бекітілген Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде ағаш кесу қағидаларына сәйкес кесте түрінде келтіріледі.

Қазақстан Республикасы  
 Экология, геология және  
 табиғи ресурстар министрінің  
 2020 жылғы 28 қаңтарындағы  
 № 24 бұйрығына  
 5-қосымша  
 Орман орналастыруды жүргізу  
 нұсқаулығына 26-қосымшаға  
 24-кесте

Ауданы мың гектар

№	Мемлекеттік орман қоры санаттары	Көрсеткіштер	Орманшылықтар					Орман мекемесі бойынша барлығы
			4	5	6	7	8	
1	2	3	4	5	6	7	8	9
1	Жасыл аймақ	Мемлекеттік орман қоры санатының ауданы						
		Орман айналымдарының нормативті ауданы						
		Орман айналымдарының нормативті саны, дана						
		Орман шебер учаскесінің нормативті ауданы саны, дана						
		Орман шебер учаскесінің нормативті саны, дана						
2	Осылай барлық мемлекеттік орман қоры санаттары бойынша							

Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман қорын күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру және орман өсіру бойынша Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 20 шілдедегі № 18-02/664 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11995 болып тіркелген) бекітілген нормалары мен нормативтеріне сәйкес жүргізіледі.

Осы кездегі бар айналымдардың санын салыстыру жүргізіледі және алдағы тексеру кезеңіндегі айналымдар санына сипаттама беріледі.

4) орман мекемесі аумағын орманшылықтар шегінде орманның мастерлік учаскелер мен айналымдарға бөлу".

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК